

Дәріс № 10. Халықаралық саясаттың экономикалық саясаты

Дәріс жоспары:

1. Экономикалық саясат ұғымы
2. Халықаралық экономиканың саяси бағыттары

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін экономикалық саясаттың не екенін түсіндіре алады. Экономикалық саясаттың халықаралық бағытын тұжырымдай алады. Халықаралық экономикалық саясаттың ұстанымдарын салыстыра алады. Халықаралық экономикалық саясаттың тақырыптарын айтысып тартыса алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, мемлекеттердің күш ізденісі, байлық ізденісі, халықаралық экономикалық тәртіп, технология, тікелей шетледік инвестиция, халықаралық ақша, халықаралық сауда, өркендеу, транснационал фирмалар секілді ұғымдардың мән мағынасын, жай-жапсарын түсінеді.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні:

1. Экономикалық саясат ұғымы

Экономикалық саясат ұғымы мемлекеттің экономикалық іс-шараларының жүйесі, яғни мемлекет, үкімет жүргізетін іс-қимылдардың, экономиканы басқару саласындағы шаралар жүйесі, елдің мақсаттарына, міндеттеріне, мүдделеріне сәйкес экономикалық үдерістерге белгілі бір бағыттылық беру дегенді білдіреді.

Экономикалық саясаттың мақсаттары мен құралдары қоғамдық құрылыстың сипатымен, елдің дамуының ішкі және халықаралық жағдайларымен айқындалады.

Экономикалық саясат құрылымдық, инвестициялық, қаржы-несие, әлеуметтік, сыртқы экономикалық, ғылыми-техникалық, салық, бюджет саясатын қамтиды. Экономикалық саясаттың пайда болуы алғашқы мемлекеттердің қалыптасуымен байланысты болды.

Ежелгі және орта ғасырларда Экономикалық саясат әдетте салықтар алумен, ақша, айналыс және жер қатынастарын реттеумен шектелді. Капиталдың бастапқы қорлануы кезеңінде Экономикалық саясатқа капит. мануфактуралардың құрылуына және

сауданың дамуына септігін тигізген меркантилизм мен проекционизм тән болды,

ал өнеркәсіптік буржуазияның өсуіне қарай еркін кәсіпкерлік саясат пен фридредерлік барған сайын үлкен рөл атқара бастады. Қазіргі заманғы монополистік

капитализмге мемлекеттің экономикалық рөлінің күшеюі сияқты. Экономикалық саясат белгілері тән: мемлекет ұдайы өндіріске белсене араласады, халық ш-ндағы секторды

дамытады, экономиканы бағдармалайды, дағдарысқа, инфляцияға қарсы шараларды жүзеге асырады, фирмалардың, соның ішінде халықаралық монополистік

ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметін реттейді. Экономикалық саясаттың

нысандары мен әдістері көбінесе экономиканың жай-күйіне, нарықтық экономиканың ұдайы өндіріс үдерісін мемлекеттік реттеумен ұштастырылуына байланысты.

Экономикаға оны жанама түрде реттеудің кейінгі теориясына негізделген мемл. ықпал ету идеялары мемлекет тиісті салық және несие-қаржы саясатын жүргізе отырып, қор

жинауға бейім шаруашылық жүргізуші субъектінің психологиясын ықпал ете алады,

қоғамның тиімді жиынтық сұранымына ынталандыра алады, сол арқылы нарықты реттеп, бағыттап алады, экономикалық өрлеуді жеделдетеді алады, халықтың жұмыспен

қамтылуы деңгейі мен оның әлеуметтік әл-ауқатын арттыра алады дегенге саяды.

1929 – 33 ж. Ұлы тоқырау кезеңінде АҚШ Президенті Ф. Рузвельт кейінгі идеялар тұрғысынан Экономикалық саясат жүргізді, бұл саясат “жаңа бағыт” деп аталды.

Соғыстан кейінгі жылдары көптеген елдер жаңа дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу, соғыс қиратқан шаруашылықты қалпына келтіру және өрге бастыру кезінде де осы

кейінгі қағидаларды басшылыққа алды. Алайда 1950 – 60-жылдардан бастап

Экономикалық саясатта неолибералдық монетаристік доктриналардың ықпалы белең

алды. Мұнда нарықтық шаруашылыққа ерекше орын берілді, мұның өзі экономика мемлекеттің араласуын қажет етпейді деген идеяға алып келді. Кейнсшілдікке қарама-қарсы қағида болып табылатын монетаризм теориясына сәйкес сұранымды ынталандыру жөніндегі Экономикалық саясат шаралары экономиканың жағдайын жақсартпайды, қайта үйлесімсіздік туғызады, жағдаятты нашарлатады, өйткені “тендестіруші” нарықтық тетіктердің әрекетіне кедергі жасайды. Монетаристер тиімді жиынтық сұраным қағидатын емес, ұсыным қағидатын, кәсіпкерлік қызметті мемл. реттеудің күшін жоюды бірінші орынға қойды. Олар кәсіпкерлерден алынатын салықты азайтуды, бюджет тапшылығын төмендетуді, бағаның құралуын ырықтандыруды, ақша шығарылымын шектеуді, сондай-ақ әлеум. мұқтаждарға жұмсалатын шығынды азайтуды жақтады. Олардың пайымдауынша, мемлекеттің экономикалық саясатның атқарымы ақша шығарылымын және несиелендіруді реттеумен шектелуге тиіс.

Монетаризм идеясы бірқатар елдерде: Ұлыбританияда (тэтчеризм), АҚШ-та (рейгономика), Чилиде, Израильде, Ресейде жүргізілген экономикалық саясатта көрініс тапты. Экономиканы басқарудың әкімшілдік-әміршілдік жүйесі қираған, өтпелі экономикасы бар, қазіргі заманғы нарықтық тетіктері әлі қалыптаса қоймаған бұрынғы соц. елдерде экономикалық саясаттың өздеріне тән ерекшеліктері болды

XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзілік шаруашылықтың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі — Халықаралық экономикалық саясатдың жедел әрі қарқынды дамуы.

Әр түрлі мекемелер мен фирмалардың, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы екі жақты, көп жақты экономикалық қатынастардың кең қанат жайып, тамырын терең тарта бастағанының куәсі болып отырмыз. Бұл процестер халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуінен, шаруашылық өмірдің интернационалдануынан, ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтыққа ұмтылысынан, аймақтық халықаралық құрылымдардың жақындасып, өзара пайдалы көмек арқылы нығайып, дами бастағанынан көрінеді. Әрине, аталған процестер оңайлықпен жүріп жатқан жоқ. Бұлар бәсекелі, қайшылықты, диалектикалық қозғалыс, құбылыстарға толы процестер. Халықаралық экономикалық, қатынастардың диалектикасының өзі жекелеген елдердің экономикалық тәуелсіздік пен ұлттық шаруашылықты көркейтуге деген ұмтылысының көрінісі. Дүниежүзілік шаруашылықтың нығайып, интернационалдануы, ұлттық экономикалардың мейлінше ашықтығы, дамудың жаңа, тиімді арналарының пайда болуы — осының бәрі экономикалық өсудің диалектикасы.

Қазіргі кезеңде адамзат әлемін «ақ, қара» деп жіктеп, оған «капитализм», «социализм» атты айдар тағушылықпен қоса жасанды антагонизмдер де келмеске кетті. Біздің заманымыз өзара байланысты, экономикалық дамудың жалпыға ортақ заңдылықтарына бағынатын біртұтас әлем. Сондықтан еліміздің ойдағыдай өркендеп, гүлденуі үшін сыртқы экономикалық байланыстардың маңызы зор.

Халықаралық, рыноктық орта өзінің экономикалық, ұйымдық, заңдық т. б. аспектілері бойынша біздің елде қалыптасып, орныққан шаруашылық қызметін жүргізу әдіс-амалдарынан өзгеше екендігі мәлім. Соңғы уақытқа дейін орын алып келген сыртқы экономикалық қатынастарға деген көзқарасымыз рыноктың заңдарына сәйкес құрылған экономикалық жүйелерде өзінің шарасыздығын, тіпті кейбір сәттерде заңды екендігін көрсетіп жүр. Мұның өзі шетелдік әріптестермен өзара түсінікті, бірлескен іс-қимылдарды атқаруды күрделендіреді, тіпті заяға кетіреді.

Сондықтан да, біз Халықаралық экономикалық саясатдың мақсаттары мен міндеттерін, оның құрылымын және жүзеге асыру механизмі мен ерекшеліктерін, дамуының негізгі тенденциялары мен өзгешеліктерін тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып отырған осы оқу құралында қарастырамыз.

Нарықтық эконмикаға көшуге орай шаруашылық практикада, яғни экономика негізінде Халықаралық экономикалық саясатты тиімді жүзеге асыру, экономикалық байланысты ұстап тұру негізінде қажеттілік туады. Сондықтан, экономика саласында

қатынастарды шынайы болдыру мақсатында Халықаралық экономикалық саясатдың негізгі факторлары мен нақты білуі өте зор маңызды.

Халықаралық экономикалық саясат дегеніміз – жекелеген аймақтар шеңберіндегі жекеленген еуропалық мемлекеттер арасындағы қатынастар.

Халықаралық экономикалық саясат шет мемлекеттермен экономикалық әрекеттердің пайда болуынан туындайды, сондықтан осы қатынастардың негізі ретінде сыртқы экономикалық қатынастар қарастырылады. Сыртқы экономикалық қызмет дегеніміз – мемлекеттің шекарасынан тыс атқарылатын қызмет түрі. Кез-келген өндіріс немесе қайта өңдеу процессі халықаралық экономикалық қызметтің объектісі бола алады.

Халықаралық экономикалық қызметтің дамуы оның субъектінің түр өзгерісімен қатар жүреді. Алғашында ол халықаралық саудамен айналысатын көпес-делдал болып табылады. Ал экономикалық қатынастардың келесі даму кезеңдерінде оның субъектісінің даму эволюциясы былайша өзгереді: өндірістік капитал, өндірістік және банктік монополиялар, қаржы анархиясы, министрліктер, сыртқы нарыққа шығу құқығы бар кәсіпорындар, біріккен кәсіпорындар.

Қазіргі кездегі көптеген қарама-қайшылықтарға қарамастан, елдер арасында өзара түсіну мен ынтымақтастықтың бағыты өсіп келеді. Дүние-жүзілік шаруашылықтың негізгі жолы бір бағытта даму және өзара байланысты, бағынышты әлеуметтік-әділетті әлемге ұмтылу. Осыған байланысты ұлттық экономиканың үлесін жасау барысында экономикалық және әлеуметтік-әділетті қатынастарды бағалау сөз болып отыр. Әр түрлі елдер арасында «көзге көрінбейтін» экономикалық даму деңгейі басталды. Әрине, бұл өзгеріс өздігінен ешқашан себеп салдарсыз шешіле салады деу қиын; ол қарама-қайшылығы мол күрделі құбылыс.

Бұл қозғалысқа ықпал ететіндер:

- индустриалды қоғамнан постиндустриалдыға аусуы;
- технологиялық революция;
- энергиялық шикізаттардың және азық-түлік проблемасы;
- экологиялық проблема;

Ең негізгі қауіп – экономикалық ұлтшылдықтың дамуы және діни фанатизм. Бұл жерде экономикалық артықшылыққа ұмтылу еркін бәсеке күресіне негізделмей, бір нәсілдің екінші нәсілден, бір әлеуметтік-экономикалық жүйеден артық саналуы және діни айырмашылықтардың ықпалының басым болуы меңзеліп отыр. Жалпы айтқанда, ХЭҚ-тың даму барысы бұл ойлардың дұрыс емес екендігі дәлелі.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы дүниежүзілік шаруашылықтағы жаңа кезеңнің басталуы, халықаралық еңбек бөлінісі ұлттық экономиканың дамуы мен халықаралық капитал нарығын және ресурстарды өзіне тән жаңа сатыға көтереді.

2. Халықаралық экономиканың саяси бағыттары

ХЭ саясаттың негізгі формалары.

ХЭҚ-ң негізгі формалары:

1. Халықаралық сауда.
2. Капитал қозғалысы.
3. Жұмысшы күші миграциясы.
4. Валюта-несие айырбасы.
5. Ғылыми-техникалық айырбас.
6. Халықаралық өндірісті кооперациялау.

Ал, енді осының ішінен ең негізгі факторлары:

- Халықаралық сауда
- Капитал қозғалысы
- Ғылыми-техникалық айырбас
- Валюта-несие айырбасы
- Жұмысшы күші миграциясы жатады.

Халықаралық сауда.

Дүниежүзілік шаруашылық байланыстырудың күрделі жүйесінде халықаралық сауда ерекше орын алады. Осы уақытқа дейін тауарларды шетке шығару Халықаралық экономикалық саясатдың негізгі формасы болып есептелген еді, ал қазіргі кезде шетелдік инвестициялау Халықаралық экономикалық саясатдың жетекші формасы боп табылады. Ол ХЭҚ-ң жалпы көлемінің 80% үлесін алып отыр. Халықаралық сауда әр түрлі елдердегі тауар өндірушілер арасындағы байланыс формасы боп табылады, яғни ол халықаралық еңбек бөлінісі негізінде қалыптасады және елдердің өзара тәуелділікпен көрсетеді.

Ұлттық экономикадағы ұлттық нарықтардың жиынтығы- дүниежүзілік нарықты құрайды. Ол тауар-ақша қатынастарының даму процесі кезінде қалыптаса бастайды. Оны түсіну үшін 2 аспектіде қарастырайық:

-Дүниежүзілік нарық абстрактылық түсінік боп табылады, яғни ол кеңістік аспектіде көрінеді

-Дүниежүзілік нарық заттық аспектіде;

Дүниежүзілік нарықтың мәнін, құрылымын және әрбір элементінің автономиялылығын түсіну үшін графикалық әдістер қолдану тиімді. Мысалы А, В, С мемлекеттерді қарастырайық. Осы қарастырылып отырған нарық дүниежүзілік нарық құрайды. Міне, осыдан біз дүниежүзілік нарықтың абстрактылық түсінік екенін байқап отырмыз. Ұлттық нарық – бұл халықаралық еңбек бөлінісі негізінде елдің ішкі және сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыратын сфера.

Сонымен, ұлттық нарық 2 элементтен тұрады: ішкі сауда, сыртқы сауда. А елінің сыртқы сауда операциясы, басқа В, С елдері үшін импорт боп табылады. Сыртқы сауда- белгілі бір елдің басқа елдермен сауда жасауы. Сонда барлық елдердің сыртқы сауда операциясын жүзеге асыратын сфера- халықаралық нарық деп аталады.

Сыртқы сауда операцияларының 4 түрі бар:

1. экспорттық операция-шетке шығару арқылы шет елдік контрагентке тауарды сату.

2. импорттық операция-шеттен әкелу арқылы шет елдік контрагенттен тауарды сатып алу.

3. реэкспорттық операция-бұрын импортталған және қайта өңдеуден өтпеген тауарларды шетке шығару арқылы сату.

4. реимпорттық операция-бұрын экспортталған және қайта өңдеуден өтпеген тауарларды шеттен әкелу арқылы сатып алу.

Дүние жүзілік нарық:

1. отын шикізаттары
2. ауыл шаруашылық нарығы
3. тұтыну тауарлар нарығы
4. өндіріске арналған тауарлар нарығы
5. жұмысшы күші нарығы
6. қызметтер нарығы
7. капитал нарығы
8. қару-жарақ нарығы
9. валюталық нарық

Халықаралық сауда – бұл халықаралық тауар-ақша қатынастарының сферасы, дүние жүзіндегі барлық елдердің сыртқы сауда жиынтығы. Оның формалары:

- аукциондық сауда
- биржалық сауда
- халықаралық көрмелер және жәрмеңкелер
- машиналар мен құрал-жабдықтар арендасы
- қарама-қарсы сауда
- шекаралық сауда

Аукцион дегеніміз – алдын-ала көруге қойылған тауарларды белгілі бір уақытта,

белгіленген орында сату формасы. Ерекшелігі сатушының тауар сапасына жауапкершілігінің шектеулігі. Аукциондық сауда – нарықтық сауданың түрі, мұнда сатушы барынша пайда табу мақсатында аукционға қатысқан бірнеше немесе көптеген сатып алушылардың тікелей бәсекесі пайдаланылады. Биржалық сауда – биржалардың қатысуымен тауарлар мен бағалы қағаздардың сатылуы.

Негізінен биржалар коммерциялық делдалдар болып табылады, олар келісімдерге қатыспайды, олардың бекітілуіне ықпал етеді. Олардың бірнеше түрі бар:

1. тауар биржасы
2. қор биржасы
3. еңбек биржасы
4. валюта биржасы.

Тауар биржасы – сапасы жағынан стандартқа талықтай сай келетін белгілі бір тауарларды сатып алу мен сату үшін ұйымдасқан нарықты қамтамасыз ететін сауда. Мұнда тауарларды сатуға өздерін алып келмейді, онда тауарлардың бар екені олардың саны мен сапасын көрсететін құжаттар куәландырады. Қор биржасы – таза іскерлік принципінде жұмыс істейді. АҚШ-та оннан астам қор биржасы бар, ірісі Нью-Йорк. Амстердам, Мадрит, Копенгагин, Лиссабон қор биржалары Халықаралық қор биржасы болып табылады. Валюта биржасы – бұл валюта нарығы. Мысалы, Токиода валюта операциясының 72% «доллар-марка» мәселесінің үлесіне тиеді. Еңбек биржасы жұмыс күшін жалдау кезінде кәсіпкер мен қызметкерлердің арасындағы делдалдықты жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме.

Халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер – тауар үлгілерін көрсету нарығы, бұл жерде іскерлік келісім сөздер жүргізіліп, контракттерге қол қойылады. Жәрмеңке – бір орында, белгілі бір мерзімде октын-октын өтіп тұратын нарықтың түрі. Машиналар мен құрал-жабдықтардығы арендасы. Аренда – бұл жалгерлік шаруашылықты жүргізудің формасы. Мұнда жалға беруші мен жалгер арасында шарт негізінде жалгерге жерді, табиғат қорларын, кәсіпорындарды, олардың бөлімшелерін уақытша пайдалануға, сондай-ақ дербес шаруашылықты жүргізуге қажетті басқа да мүліктерді белгілі мерзімге тиісті ақысын төлетіп, шешуге және пайдалануға береді. Жалгерлікке халық шаруашылығының барлық саласында рұқсат беріледі және мүлік жөнінде меншікті барлық формалары мен түрлерінде қолданылады. Жалға берушілер – меншік иелері атынан мүлікті жалға беруге өкілетті орындар мен ұйымдар болуы мүмкін. Жалгерлер заңды-құқықтық мекемелер және кәсіпорындар, шетелдік мекемелер, халықаралық ұйымдардың қатысуымен құрылған ұйымдар мен бірлестіктер және тағы басқалар.

Деңгейлік тапсырмалар:

- 1- деңгейдің сұрақтары. Дүниежүзілік нарық субъектілерін сипаттаңыз.
 - 2- деңгейдің сұрақтары. Халықаралық ұйымдардың ролі.
 - 3- деңгейдің сұрақтары. Суық соғыс саясаты кезеңінде екі полюсті жүйенің қалыптасуы
- БӨЖ тапсырмалары:** Халықаралық саясатқа қатысты көзқарастар және мәселермен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін жіктеңіздер.
- ОБӨЖ тапсырмалары:** Суық соғыс саясаты кезеңінде екі полюсті жүйенің қалыптасуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
2. Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
3. Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
4. Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
5. Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
6. Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7. C. S. Roach
- Ұлы конвергенция: Азия, Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017, М. Кишор
8. Бітімгер: Сирия түйіні. Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
9. Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı

10. Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü. Anayasal, sosyal ve uluslararası demokrasi, 2015, J. P. Cormick
11. Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
13. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
14. Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014, 15. М. Сапарғалиев
- Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
16. Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

1. Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
2. Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
3. Gönübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
4. Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
5. İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
6. Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: İletişim Yayınlar